 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	1 бет 10 беттің
	<i>Оқуға түсу емтиханының бағдарламасы</i>	

**«БЕКІТЕМІН»**

**Қабылдау комиссиясының төрағасы**

\_\_\_\_\_ Турмухамбетова А.А.

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.


## **ОҚУҒА ТҮСУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Білім беру бағдарламасы тобы үшін:**

«Фармация» орта кәсіптік фармацевтикалық білім негізінде.


Оқу мерзімі – 2 жыл.

Оқу түрі: күндізгі.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	2 бет 10 беттің
	<i>Оқуға түсу емтиханының бағдарламасы</i>	

## Мазмұны

1	Мақсаты және қолдану саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Негізгі бөлім	3
3.1	Қысқаша ақпарат	3
3.2	Байланыс ақпараты	3
3.3	Қабылдау емтиханының өткізу орны	3
3.4	Қабылдау емтиханының өткізу нысаны	3
3.5	Құжаттарды тапсыру кестесі және қабылдау емтиханының өткізу мерзімдері	3
3.6	Апелляция	4
3.7	Емтихан материалы	4
3.8	Қабылдау емтиханының нәтижелері	6
	Қосымшалар	7
	Келісім парағы	9

 <b>ASTANA MEDICAL UNIVERSITY</b>	«Астана медицина университеті» КеАҚ	3 бет 10 беттің
	Оқуға түсу емтиханының бағдарламасы	

## 1. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 6В10104 «Фармация» тобының білім беру бағдарламасының үміткерлерге арналған. Алдыңғы білім деңгейі – орта кәсіптік фармацевтикалық білім. Оқу мерзімі 2 жыл.

## 2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Осы бағдарламада келесі құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:  
«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту» туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы.

## 3. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

### 3.1 Қысқаша ақпарат

Қысқартылған оқыту формасына түсу емтихандары - бұл оқу орнында қысқартылған оқу бағдарламасына түсу үшін студенттерді іріктеу процедурасы. Бұл емтихандар талапкерлердің білімін, дағдылары мен қабілеттерін анықтау және оларды қарқынды және қысылған оқу бағдарламасына дайындау үшін өткізіледі.

Қабылдау емтихандарының тест сұрақтары үміткердің бұрын алған білімі мен меңгерген пәндері ескеріле отырып әзірленеді.

### 3.2 Байланыс ақпараты:

Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 49А, 301 каб., «Астана медицина университеті» КеАҚ, Фармация мектебі. Тел.: 8(7172)539432, e-mail: [omari.a@amu.kz](mailto:omari.a@amu.kz).

### 3.3 Қабылдау емтиханының өткізу орны

Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 51, «Астана медицина университеті» КеАҚ

### 3.4 Қабылдау емтиханының өткізу нысаны

Компьютерлік тестілеу.

Мәселелер тізбесі «Фармация» мектеп кеңесінің отырысында 2026 жылғы 5 мамырдағы № 2 хаттамамен бекітілді.

### 3.5 Құжаттарды тапсыру кестесі және қабылдау емтиханын өткізу мерзімдері

Кесте 1.


Құжаттарды қабылдау мерзімі	Қабылдау емтиханын тапсыру	Емтихан уақыты	Апелляцияға өтініштерді қабылдау	Емтиханды өткізу орны
1 шілде - 3 тамыз	5-14 тамыз	сағ.10.00.- 12.00. сағ.14.00- 16.00	Нәтижелер жарияланғаннан кейінгі келесі күні сағат 13.00-ге дейін	Бейбитшилик 51, 5 этаж, 501, 509 кабинет

\*Қабылдау емтиханын кестесі (нақты күні, уақыты, үміткердің аты-жөні) біздің сайтта "оқуға түсушілер", "қысқартылған оқыту" бөлімінде жарияланады.

Қабылдау емтиханы тапсыру бөлмесіне үміткерлер жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткеннен кейін жіберіледі. Қабылдау емтиханы бейне және (немесе) аудио жазбамен жабдықталған бөлмелерде өткізіледі.

### Құжаттар тізбесі:

1) университет Ректорының атына белгіленген нысан бойынша өтініш (1-қосымша);

 <b>ASTANA MEDICAL UNIVERSITY</b>	<b>«Астана медицина университеті» КеАҚ</b>	4 бет 10 беттің
	<b>Оқуға түсу емтиханының бағдарламасы</b>	

- 2) білім туралы құжат (диплом, қосымшасы, түпнұсқасы және көшірмесі);
- 3) жеке басын куәландыратын құжат (түпнұсқасы және көшірмесі);
- 4) көлемі 3 x 4 сантиметр 6 фотосурет;
- 5) 075-У үлгідегі медициналық анықтама (түпнұсқа + көшірме), флюорографияның суреті;
- 6) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың біреуін қосымша тапсырады.

### **3.6 Апелляция**

Апелляцияны қабылдау емтиханын тапсырған талапкер апелляциялық комиссияның төрағасына жеке өзі береді. Өтініштер қабылдау емтиханының нәтижелері жарияланған күннен кейінгі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссияда бір күн ішінде қаралады (2-қосымша).

### **3.7 Емтихан материалы**

#### **1. Фармацияны ұйымдастыру және экономикасы, менеджмент және маркетинг негіздері**

1. ҚР халқын медициналық және дәрілік көмекпен қамтамасыз етуді ұйымдастырудың негізгі қағидаттары.
2. ҚР-дағы дәрілік саясаттың құқықтық негізін реттейтін заңнамалық және нормативтік құжаттар.
3. Фармацевтикалық нарық және оның мемлекеттік реттелуі.
4. Фармацевтикалық нарықтың көтерме буынының қызметін ұйымдастыру.
5. Фармацевтикалық нарықтың бөлшек буынының қызметін ұйымдастыру.
6. Дәріханалар, олардың міндеттері, функциялары және бөлімдері.
7. Дәріхананың ұйымдық құрылымы, жабдықталуы және құрал-жабдықтары.
8. Фармацевтикалық қызметті лицензиялау.
9. Дәріханалық ұйымдардағы санитарлық-гигиеналық режим.
10. Дәріханалық ұйымдардың өндірістік қызметі.
11. Дәріхана пунктінің жұмысын ұйымдастыру.
12. Дәрілік заттардың сапасын бақылауды ұйымдастыру.
13. Стационарлық емделушілерді дәрілік қамтамасыз ету.
14. Дәрілік заттарға қажеттілікті анықтау және сұранысты зерттеудің негізгі қағидаттары.
15. Дәріханалық қойманың жұмысын ұйымдастыру.
16. Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау мәселелері.
17. Фармация экономикасын басқару негіздері.
18. Фармация экономикасының ерекшеліктері.
19. Дәріханалық ұйымдардың негізгі экономикалық көрсеткіштерін болжау.
20. Дәріханалық ұйымдарда есепке алу және есептілік негіздері.
21. Негізгі құралдарды, тауар қозғалысын және басқа да материалдық құндылықтарды есепке алу.
22. Ақша қаражаттарын және есеп айырысу операцияларын есепке алу.
23. Дәріханалық ұйымдарда тауарлық-материалдық құндылықтарды түгендеу.
24. Фармациядағы менеджмент негіздері.
25. Фармациядағы маркетинг негіздері.

## 2. Фармацевтикалық химия

1. Фармацевтикалық химия пәні, мазмұны, объектілері, негізгі міндеттері.
2. Дәрілік заттардың сапасын мемлекеттік реттеу және бақылау.
3. Дәрілік заттардың сапасын қамтамасыз ету.
4. Дәрілік заттардың химиялық жіктелуі.
5. Әдістемені таңдау, жеке және топтық сынаулар, дәрілік заттарды идентификациялауға қойылатын талаптар.
6. Дәрілік заттардың физика-химиялық қасиеттері.
7. Дәрілік заттарды идентификациялау.
8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фармакопеясы бойынша дәрілік препараттардың сандық мөлшерін анықтау.
9. Дәрілік препараттардың сандық құрамын физика-химиялық әдістермен анықтау.
10. Дәрілік заттарды стандарттау.
11. Дәрілік препараттардың тұрақтылығы және сақтау шарттары.
12. Бейорганикалық және органикалық дәрілік препараттардың функционалдық топтары бойынша айырмашылығы.
13. Дәрілік заттардың сапасын бақылау (қабылдау бақылауы, дәріханаішілік бақылау, органолептикалық, физикалық, химиялық жедел талдау).
14. Физикалық және химиялық қасиеттері бойынша тазалықты сынау.
15. Фармацевтикалық талдаудың зертханалық техникасының негіздері.
16. Титриметриялық талдау әдістері.
17. Периодтық жүйенің I–VIII топ элементтері туындыларының дәрілік заттары.
18. Органикалық дәрілік заттардың жалпы сипаттамасы.
19. Ароматты қосылыстар.
20. Ациклды көмірсутектердің галоген туындылары.
21. Алифаттық карбон қышқылдары және олардың туындылары.
22. Фенолдар. Ароматты қышқылдар және олардың туындылары.
23. Аминқышқылдары және олардың туындылары.
24. Алкалоидтар.
25. Витаминдер.


## 3. Фармакогнозия

1. Қазақстанның табиғи ресурстары және қорықтары
2. Дәрілік өсімдік шикізатының шикізаттық базасы.
3. Дәрілік өсімдік шикізатын дайындау негіздері.
4. Дәрілік өсімдік шикізатының зиянкестері.
5. Биологиялық белсенді заттар көзі болып табылатын дәрілік өсімдіктер.
6. Жүйке жүйесіне әсер ететін дәрілік өсімдіктер мен шикізаттар.
7. Жүрек-қан тамыр ауруларында қолданылатын дәрілік өсімдіктер мен шикізаттар.
8. Зәр шығару жүйесіне әсер ететін дәрілік өсімдіктер мен шикізаттар.
9. Асқорыту жүйесінің ауруларында қолданылатын дәрілік өсімдіктер мен шикізаттар.
10. Қан жүйесіне әсер ететін дәрілік өсімдіктер мен шикізаттар.

11. Жануар тектес дәрілік шикізат.
12. Дәрілік өсімдік шикізатының қорын анықтау әдістері.
13. Өсімдіктер экологиясының заңнамалық негіздері.
14. Өсімдіктер экологиясы туралы жалпы түсінік.
15. Дәрілік өсімдіктерді жинау және алғашқы өңдеу
16. Дәрілік өсімдік шикізатын кептіру және сақтау
17. Дәрілік өсімдіктер мен дәрілік өсімдік шикізатын талдау әдістері.
18. Дәрілік өсімдік шикізатынан сынама алу ережелері
19. Дәрілік өсімдік шикізатын стандарттау
20. Тамырлар мен тамырсабақтарды диагностикалау
21. Жүрек гликозидтері бар өсімдіктер.
22. Жапырақтар мен гүлдердің микроскопиялық талдауы
23. Илік заттары бар өсімдіктер.
24. Алкалоидтары бар өсімдіктер.
25. Гомеопатиялық препараттар және таңбалауға қойылатын талаптар.

#### **4. Дәрілік формалар технологиясы**

1. Дәрілік технология пәні ретінде анықтамасы. Мақсаттары. Негізгі шешу жолдары. Қазіргі жағдайы мен даму перспективалары.
2. Дәрілік формалар мен заттардың сапасын нормалау. Дәрілік заттар мен формалардың сапасы туралы ұғым.
3. Көмекші заттардың номенклатурасы және классификациясы.
4. Дәрілік формалардың физика-химиялық тұрақтандырғыштары: консерванттар, пролонгаторлар, солюбилизаторлар, коррингенттер және т.б. Қысқаша сипаттама және қолданылуы.
5. Ұнтақтар ретінде дәрілік форма. Анықтамасы. Сипаттамасы. Талаптар. Ұнтақтардың жіктелуі. Технология кезеңдері. Сапасын бағалау. Сақтау.
6. Жинақтар дәрілік формасы ретінде. Анықтамасы, қолдану тәсілі, мақсаты мен дозалауы бойынша классификациясы. Жалпы және жеке технологиясы.
7. Ерітінділер дәрілік формасы ретінде. Ерітінділердің жіктелуі. Ерітінділер номенклатурасы және оны фармация мен өнеркәсіп жағдайында кеңейту перспективалары.
8. Ерітінділер технологиясы. Ерітінділер сапасын бағалау. Сақтау.
9. Тұндырмалар мен қайнатпалар. Экстракциялық дәрілік формалардың маңызы. Су экстракттарының сипаттамасы және жіктелуі.
10. Тұнбалар. Жіктелуі. Тұнбаларды дайындау. Номенклатура. Тұнбаларды тазарту. Стандарттау. Сақтау.
11. Су экстракциясының ерекше жағдайлары: алтей тамырының тұнбасы, алкалоидтар, гликозидтер, илік заттар, сапониндер және т.б. бар шикізаттан алынған экстракциялар.
12. Тұнбалар мен қайнатпалар технологиясының кезеңдері. Аппараттар. Инфузиялық аппараттар. Шайқамалар мен қайнатпаларға дәрілік заттарды енгізу.
13. Арнайы дайындалған экстракттардан су экстракцияларын алу. Сапасын бағалау, қаптау, сақтау.
14. Суспензиялар дәрілік формасы ретінде. Жіктелуі. Сақталуы.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	7 бет 10 беттің
	<i>Оқуға түсу емтиханының бағдарламасы</i>	

15. Эмульсиялар дәрілік формасы ретінде. Жіктелуі. Сақталуы.
16. Майлар мен пасталар. Дерматологиялық, ректальдық және вагинальдық майлар технологиясының ерекшеліктері.
17. Суппозиторийлер дәрілік формасы ретінде. Анықтамасы. Сипаттамасы. Жіктелуі. Талаптар.
18. Суппозиторий негіздері және оларға қойылатын талаптар. Суппозиторий негіздерінің классификациясы.
19. Инъекциялық дәрілік формалар. Талаптар.
20. Көзге арналған дәрілік формалар: тамшылар, майлар, дәрілік үлдірлер. Сипаттамасы. Талаптар.

### **3.8. Қабылдау емтиханының нәтижелері:**

Шекті балл-50;


Ең жоғарғы балл -100;

Емтихан уақыты - 1 сағат 40 минут (1 тест сұрағына 1 минут);

Сұрақтар саны – 100;

Әрбір сұраққа: 1 дұрыс жауап;

Әр дұрыс жауап – 1 балмен бағаланады.

 <b>ASTANA MEDICAL UNIVERSITY</b>	<b>«Астана медицина университеті» КеАҚ</b>	8 бет 10 беттің
	<b>Оқуға түсу емтиханының бағдарламасы</b>	

1-қосымша

«АМУ» КеАҚ Басқарма төрағасы- Ректоры

\_\_\_\_\_

толық аты-жөні

\_\_\_\_\_

тұрғылықты мекен-жайы

\_\_\_\_\_

ұялы телефоны

\_\_\_\_\_

үй телефоны

E-mail: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Жеке куәлік қашан және кіммен берілген

### ӨТІНІШ


Мені \_\_\_\_\_ білім беру бағдарламасы бойынша түсу емтиханға қатыстыруыңызды сұраймын.

Өтінішке келесі құжаттарды қоса беремін:

1. білім туралы құжаттын көшірмесі
2. 3 x 4 сантиметр  өлеміндегі 6 фотосурет
3. жеке басын куәландыратын құжаттын көшірмесі
4. медициналық анықтама 075/у
5. еңбек кітапшасы (бар болса).

Емтихан нәтижелеріне қатысты дербес ақпаратты жинауға, өңдеуге және таратуға өз келісімімді беремін.

**Қолы/ Күні** \_\_\_\_\_

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	9 бет 10 беттің
	Оқуға түсу емтиханының бағдарламасы	

2-қосымша

Апелляциялық комиссия төрағасына

Талапкердің толық аты-жөні \_\_\_\_\_

ЖСН \_\_\_\_\_


### АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ ӨТІНІШ

Арнайы/қабылдау емтиханының нәтижелерін қайта қарастырыуыңызды сұраймын, өйткені тест сұрағы \_\_\_\_\_

(шағым беру себебін көрсетіңіз – сұрақтың дұрыс еместігі және т.б.).

Арнайы/ қабылдау емтиханның нәтижелерін жариялау күні \_\_\_\_\_

/ \_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_ /  
Қолы Аты-жөні Күні

 <b>ASTANA MEDICAL UNIVERSITY</b>	<b>«Астана медицина университеті» КеАҚ</b>	10 бет 10 беттің
	<i>Оқуға түсу емтиханының бағдарламасы</i>	

### Келісім парағы

№	Лауазымы	Т.А.Ә.	Келісу күні	Қолы
1	Академиялық жұмыс жөніндегі проректор	А.К. Досанова		
2	Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы	К.Т. Жилкибаева		
3	Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысының орынбасары	А.А. Баймагамбетова		
4	Фармация мектебінің деканы	А.М. Омари		